

"2019-2021 жылдарға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №34/11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 38/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 наурызда № 6753 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 9-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 34/11 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6616 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 15 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 36 725 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 2 534 мың теңге;

трансферттер түсімі - 34 191 мың теңге;

2) шығындар - 37 938 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0;

бюджеттік кредиттер - 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -1 213 мың теңге ;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 1 213 мың теңге;

қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары - 1 213 мың теңге;"

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихат сессиясының
төрағасы

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы

М. Салқынбаев

Б. Сыздық

Шиелі аудандық мәслихатының 2019
жылғы "19" наурыздағы №38/3
шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының 2018
жылғы "28" желтоқсандағы №34/11
шешіміне 1-қосымша

Ақмая ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Кіші сыныбы		
			1. Кірістер	36725
1			Салықтық түсімдер	2534
	01		Табыс салығы	445
		2	Жеке табыс салығы	445
	04		Меншікке салынатын салықтар	2089
		1	Мүлікке салынатын салықтар	52
		3	Жер салығы	178
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1859
4			Трансферттер түсімі	34191
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	34191
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	34191
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		

			Атауы	
			2. Шығындар	37 938
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	16989
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	16989
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16989
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1695
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1695
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1695
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	6002
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	6002
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1002
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10252
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	10252
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	10252

09			Өзге де	3000
	124		Аудандағы аудан әкімі аппараты, аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ	3000
		040	"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	3000
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-1213
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	(1213
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1213
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1213
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1213